

«Келісілді»

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
білім басқармасы» КММ басшысының
орынбасары

_____ А. Абдрахманов

25 ақпан/2026 жыл

«Бекітемін»

«Мағжан Жұмабаев атындағы
жоғары колледж» КМҚК
директорының м.а.

_____ Кошанова А.К.

25 ақпан 2026 жыл

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушыларының арасында
«Қазақ тілі - ұлт тірегі» атты облыстық кәсіби шеберлік байқауының**

ЕРЕЖЕСІ

Осы Ереже Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушыларының арасында «Қазақ тілі - ұлт тірегі» атты облыстық кәсіби шеберлік байқауының мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру, өткізу, қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

Байқауың мақсаты:

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушыларының кәсіби шеберлігін арттыру, байқауға қатысушылардың педагогикалық тәжірибесін ұсыну және танымал ету.

Байқаудың міндеттері:

1. Оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін, әдістемелік шеберлігін жетілдіру;
2. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы инновациялық технологиялар мен тиімді әдіс-тәсілдерді насихаттау;
3. Педагогтердің шығармашылық ізденісін қолдау және тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау;
4. Қазақ тілінің қоғамдық маңызын арттыруға бағытталған тың идеяларды анықтау;
5. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы тілге деген құрметті күшейту;
6. Дарынды, жанашыл ұстаздарды анықтап, қолдау көрсету.

Байқау қатысушылары

1. Байқауға ТЖКББ ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің штаттық педагог қызметкерлері қатысады.
2. Байқауға кемінде бес жыл педагогикалық өтілі бар маман қатысады.
3. Байқауға қатысушылар теориялық және практикалық дайындықтарын, кәсіби біліктері мен дағдыларын, оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық тәсілдерді пайдалануды, жоғары еңбек мәдениетін және кәсіби-педагогикалық шеберліктерін меңгергендігін көрсетуі тиіс.

Байқауды өткізу мерзімдері

Байқау 2026 жылдың 13-наурыз айында, сағ. 10:00 да офлайн форматта өткізіледі. **Байқауға қатысу үшін** өтінімді (қосымша 1) omarova_baglan@mail.ru электронды мекен-жайына (байланыс телефоны: 87711070528 Омарова Бағлан Советовна) 2026 жылдың **10 наурызға дейін** жіберу қажет.

Байқау мазмұны

Байқау тапсырмаларының мазмұны байқауда берілетін практикалық тапсырмаларды орындауды қоздейді. Байқау өз мамандығы бойынша маманның кәсіби құзыреттілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Байқау үш кезеңнен тұрады:

1-кезең таныстыру. «Мен және қоғам» (3–5 минуттық бейнеролик байқауы. *Бейнеролик сұраныс хатпен бірге жіберіледі*)

2-кезең. «Ұстаз шеберлігі – ұлт болашағы» шеберлік сабағы сабақта қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерді көрсету. (15 минутке дейін)

3- кезең . «Педагогикалық жағдаят» (5 минут)

«Мен және қоғам» – қатысушының азаматтық ұстанымын, өмірлік көзқарасын және қоғамдағы белсенді рөлін айқындайтын шығармашылық кезең. Бұл байқауда үміткер өзін тұлға ретінде таныстырып қана қоймай, қоғамға қосып жүрген үлесі мен әлеуметтік жауапкершілігін бейнеролик арқылы ұсынады.

Бағалау критерийлері:

- Бейнероликтің идеясының ерекшелігі;
- Тақырыптың толық ашылуы;
- Креативті тәсілдер қолданылуы;
- Ойдың жүйелілігі;
- Тіл байлығы, сауаттылығы;
- Қатысушының өмірлік позициясы нақты көрінуі;
- Құндылықтары мен принциптерінің анық берілуі.

Ең жоғарғы ұпай саны: 20 ұпай.

«Ұстаз шеберлігі – ұлт болашағы» шеберлік сабағы – білім беру үдерісіндегі заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға бағытталған тәжірибе аланы. Бұл сабақта оқытушы жаңартылған білім беру мазмұнына сай оқыту технологияларын ұтымды пайдалану жолдарын көрсетін, бір тақырып аясында сабақтың шағын үзіндісін тәжірибе түрінде ұсынады.

Бағалау критерийлері:

- Заманауи педагогикалық технологияларды қолдануы
- Белсенді оқыту әдістерінің болуы
- Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі
- Сөйлеу мәдениеті, тіл байлығы
- Сабақты ұйымдастыру деңгейі
- Оқушылардың қатысу деңгейі

- Топтық/жұптық жұмыс ұйымдастыруы

Ең жоғарғы ұпай саны: 20 ұпай

«Педагогикалық жағдаят» – қатысушылардың кәсіби шеберлігі мен жедел шешім қабылдау қабілетін айқындайтын маңызды кезең. Әрбір байқауға қатысушының жағдайы еркін және ашық түрде жеребе тастау әдісі арқылы анықталады. Тапсырмалар сынақ басталар алдында ғана ұсынылады, бұл қатысушылардың дайындық деңгейін, шапшаңдығы мен кәсіби икемділігін бағалауға мүмкіндік береді. Жеребе тартылғаннан кейін барлық қатысушыларға дайындалуға **1 минут** уақыт беріледі. Ал берілген педагогикалық жағдаяттың шешімін жеке ұсыну уақыты – **5 минут**. Жағдайды шешу барысында қатысушының негізгі міндеттерді талдай білуі, мәселенің мәнін ашуы және тиімді шешу жолдарын ұсынуы басты назарға алынады.

Бағалау критерийлері:

кәсіби педагогикалық құзыреттіліктер деңгейі;

- нақты педагогикалық жағдайаттар мен міндеттердің мәнін түсінуі;
- жауапты шешімдер қабылдауда дербестік танытуы;
- ойлау икемділігі мен коммуникативтік мәдениеті.

Бұл кезең – педагогтің теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, кәсіби біліктілігін нақты жағдаятта көрсете алатын шеберлік алаңы.

Ең жоғарғы ұпай саны: 20 ұпай

Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау.

1. Байқаудың қорытындысы кезеңдер бойынша бағалау критерийлерімен және байқау комиссияның хаттамасымен анықталады.
2. Байқау қорытындысы бойынша жүлдегерлер I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады және номинациялар беріледі.
4. Байқаудың барлық қатысушыларына қатысушы сертификаты беріледі.

Әділ қазылар алқасының тізімі

1. **Шарипова Сауле Дулатовна**, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Әдістемелік орталық» КММ әдіскері, Петропавл қ.
2. **Жакина Асем Марлаңовна**, М.Жұмабаев атындағы жоғары колледж директорының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары, Петропавл қ.
3. **Мұхамеджанов Жаңат**, Республикалық қоғамдық бірлестігі Солтүстік Қазақстан облысы филиалының басшысы, «Сенімен Болашақ» РҚБ СҚО филиалы басшысы, Петропавл қ.
4. **Ауганбаева Зухра Нурмолдовна** «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Петропавл қаласының білім бөлімі» КММ «Мағжан Жұмабаев атындағы ІТ- мектеп-лицей» КММ директорының ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-шебер, Петропавл қ.
5. **Ауганбаева Мархаба Салимгереевна**, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының магистрі.

2-қосымша

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушыларының арасында «Қазақ тілі - ұлт тірегі» атты облыстық кәсіби шеберлік байқауына қатысуы өтінімі

№	Аты-жөні (толық)	Жұмыс орны	Лауазымы	Педагогикалық өтіл	Біліктілік санаты	Қатысушының байланыс (ұялы телефон, электрондық мекен-жай)